

#17

(953)

30 маусым

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

28 МАУСЫМ - БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Мерейлі
мерекемен,
әріптестер!


✓ BRENT \$74.70

✓ USD 449 T

✓ EUR 453 T

✓ RUB 5,23 T

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАП, БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТАР МЕН ГРАНТТАР ТАПСЫРДЫ.



үшін әр журналистің бойында ізденімпаздық, жауапкершілік және табандылық болуы қажет. Себебі ақиқат жолы – оңай жол емес. Ал журналистің ақиқаттан айнуға құқығы жоқ. Шындық пен шынайылық басты қағида болуы керек. Ақпарат арнасы адалдық алаңына айналуы тиіс.

Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда айттым», – деді Мемлекет басшысы.

Президент сонымен бірге жалған, фейк ақпарат таратып, жұртты дүрліктіретін адамдар бар екеніне де тоқталды. «Халқымыз «Кемедегінің жаны бір» дейді. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

АҚПАРАТ АРНАСЫ АДАЛДЫҚ АЛАҢЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы өзінің құттықтау сөзінде: «Отандық медиа жаңа кезеңге қадам басты. Қазір ақпарат тарату жылдамдығы, оның мазмұны, құралы – бәрі өте тез өзгеріп жатыр. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп хакім Абай айтпақшы, журналистің осы өзгерістерге бейімделуі өте маңызды. Кеше ғана дәстүрлі және жаңа медианың бәсекесі туралы сөз қозғалушы еді. Ал бүгін сол сайттарды әлеуметтік желілер, мессенджерлер, платформалар ақпарат алаңынан ығыстырып жатыр. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Үкімет те, медиа менеджерлер де осы өзгерістерге дайын болуы қажет», - деп атап көрсетті.

Президент айтқандай, әр заманның айтар сөзі, көздеген мақсаты болады. Қалам ұстаған қауым жеке басының немесе бір топтың емес, елдің мәселесін көтереді. Бұл – өткен ғасырда «Қазақ» газетінің аясында ұйысқан Алаш зиялыларынан бастау алған ұлы миссия. Осы міндетті абыроймен атқару



«Мемлекет саяси реформалар аясында сөз бостандығын қорғау үшін қажетті шаралар қабылдап жатыр. Азаматтардың ақпаратты еркін алуы, пікірін ашық жеткізуі, ой еркіндігі – Әділетті Қазақстанның айқын көрінісі. Елімізде қаламын қаруына айналдырған тілшілер аз емес. Кейде олардың жазған мақаласынан, дайындаған репортажынан кейін өзекті мәселелер жедел түрде шешімін тауып жатады. Ондай тілшілерді Адал азаматтар десек, артық болмайды. Мен бұл туралы

жоқ. Еліміздің өсіп-өркендеуі тек Үкіметке немесе жалпы билікке байланысты емес. Мемлекетіміздің дамуына әр азаматтың үлес қосуы аса маңызды. Бұл – өте қарапайым әрі өзекті формула.

Сондықтан тілші қауымның да, қатардағы азаматтың да, Президенттің де мақсаты – ортақ, мүддесі – бір деп ойлаймын. Бұл – Тәуелсіздігімізді нығайту, елімізді көркейту. Осы міндетті жүзеге асыру үшін елімізге адал еңбек ету – парыз!», – деді Мемлекет басшысы.

**ҚУАНДЫҚ АҒАМ
(ҚУАНДЫҚ ТҮМЕНБАЕВ,
БЕЛГІЛІ ҚАЛАМҒЕР)
ХАБАРЛАСТЫ.
ӘДЕТТЕГІДЕЙ, ГАЗЕТТІҢ
ЖАҒДАЙЫН СҰРАЙДЫ.
ҚАҒАЗ БАҒАСЫ
ШАРЫҚТАП, БИЫЛ
ИНТЕРНЕТ НҰСҚАҒА
КӨШКЕНІМІЗДІ
ЖЕТКІЗДІМ. «ОНЫ ҚАЙДАН
КӨРЕМІЗ?» – ДЕЙДІ АҒАМЫЗ.
СОҢҒЫ НӨМІРДІҢ СІЛТЕМЕСІН
ЖІБЕРІП, КӘДІМГІ ҚАҒАЗ
БАСЫЛЫМ СИЯҚТЫ ПАРАҚТАП
ОҚУҒА БОЛАТЫНЫН ТӘПТІШТЕП
ТҮСІНДІРЕМІН. АШЫП КӨРДІ-
АУ ДЕЙМІН, БІР КЕЗДЕ
«МЫНАУ ЖАННЫҢ РАХАТЫ
ҒОЙ» ДЕП ЖАЗЫПТЫ. МЕН
ДЕ: «БАСҚАСЫН БІЛМЕЙМІН,
ГАЗЕТТІ ЕКІ АПТАДАН КЕЙІН
АЛАТЫН АУЫЛДАҒЫЛАР ЕНДІ
СОЛ КҮНІ ОҚИ АЛАДЫ» ДЕДІМ.**

Басылым электрондық нұсқаға көшкенде жұрт арасында екіұдай пікір қалыптасқаны мәлім. «Заман ағымына сай бейімделіп, жаңа қалыпқа көшіпсіңдер» деп, құптап-қолдағандар, сәттілік тілегендер көп. «Газет жабылды, құрыды» деп кейігендер, тіпті өкпе артқандар да табылды. Соңғыларымен іштей келісеміз. Баспахана бояуы мен қағаздың иісі шығып тұратын қағаз басылымды оқудың өзі бір ғанибет. Бүгінде баспа өнімін оқитын бірден бір оқырманға айналған аға буынға рухани азықтың азаймағаны маңызды.

Бірақ нарық заңы қатал. Әсіресе, өз күнін өзі көретін Jas Qazaq сияқты басылымға. Қабырғамызбен кеңесіп, шама-шарқымызды таразыға салып, электрондық нұсқаға көшу жөн деп шештік. Ең бастысы – газет жабылған жоқ. Жұма сайын жаңа нөмір жарық

көреді. Тиімді тұсы да бар. Оқырманы көбейді. Jasqazaq.kz сайтының арқасында жаңа нөмір ауылдағы ағайынды былай қойып, жырақтағы жұрағатқа, қазақша білетін жатжұрттыққа да әп-сәтте жетеді. Қазақ баспасөзін толғандырған түйткіл жетерлік. Ойлы да сауатты журналистикаға оралу,

*Ойлама, газет бізге не керек деп,
Газетсіз ел жаны жоқ, өлгенге есеп!
Көл болар көп түкірсе деген пәни,
Кетпей ме бір тоқтыны*

қасқыр да жеп?..»

– деп халықтың көзі, құлағы һәм тілін қолдауға шақырған. Газет оқыған халықты көзі ашық, сауатты һәм саналы деп сипаттаған.

Бұған дейін де бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсетіп келген мемлекет бұл салаға мықтап көңіл бөле бастады. Еліміздің Ақпараттық

«ОЙЛАМА, ГАЗЕТ БІЗГЕ НЕ КЕРЕК ДЕП»



оқырман қатарын молайту – бүгінгі күннің көкейкесті міндеті. Оны айтып та, жазып та жүрміз. Кезінде «Қазақ» газетіндегі өзекті де өткір дүниелерге сүйсінген Шәкәрім:

*«Қайғысыз жас жігіттей бола
қалдым,
5-6 подписшикті тауып алдым.
Бір тамшы қарлығаштың
суындай ғып,
Алуға жылдық «Қазақ»
ақша салдым.*

доктринасы бекітіліп, медианың қазіргі кезеңдегі мақсат-міндеті белгіленді. Отандық журналистиканы өрге сүйреу ісін мықтап қолға алған төл министрлігіміз (Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі) жаңа заң жобасын дайындап, Мәжіліске ұсынды. Заң жобасында мерзімді басылымдарды иықтан демеп жіберетін, журналистің мәртебесін айқындайтын баптар бар. Осы құжат ойдағыдай қабылданып, БАҚ-тың көсегесі көгереді деген үмітіміз зор. Бұдан бөлек, Парламент қоржынында жатқан заң жобасы блогер мен әлеуметтік желінің жұмысын реттеп қана қоймай, ақпарат кеңістігіндегі жөн-жосықсыз бәсекенің жолын кесуі тиіс.

Араға жыл салып, журналистер күні қайта келді. Тілек біреу: Жазар көбейсін, қалам мұқалмасын!



Срайыл
СМАЙЫЛ

БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ДАМУ, ТЫҢ ЖОБАЛАР ДАЙЫНДАУ, САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫ ӨРКЕНДЕТІП, БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БАҒЫТЫНДА ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР. ОСЫ ОРАЙДА ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖАҢАДАН ҚҰРЫЛЫП, АЛҒАШҚЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП КЕЛЕ ЖАТҚАН «TURKISTAN MEDIA HOLDING» ЖШС, ӘРІ «TURKISTAN» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ ЖАНАХМЕТ ЖӘНІБЕКҰЛЫ АҒЫБАЕВТЫ СӨЗГЕ ТАРТЫП, КӨКЕЙДЕГІ САУАЛДАРЫМЫЗҒА ЖАУАП АЛДЫҚ.

– Жанахмет Жәнібекұлы, бүгінде «Turkistan» телеарнасының құрылғанына екі жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында өзіңіз басқаратын



ЖАНАХМЕТ АҒЫБАЕВ:

НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМЫМЫЗ – ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУ

ұжым қандай белестерді бағындырып үлгерді?

– Иә, биылғы жылдың наурызында «Turkistan» телеарнасының құрылғанына екі жыл толды. О баста бізде бұл телеарнаны халықаралық деңгейге жеткіземіз деген ой болған. Бұл мақсаттан түбегейлі бас тарттық демесек те, қазір біз шын мәнінде аймақтық телеарнамыз. Дегенмен, қазіргі таңда республикалық телеарна болуға тырысып жатырмыз. Ал енді жетістіктерге тоқталар болсақ, біздің ұжым өткен жылы

«Тұмар» ұлттық телевизиялық байқауына қатысып, «Ең үздік аймақтық телеарна» сыйлығын жеңіп алды. Бұл құрылғанына екі-ақ жыл болған ұжым үшін үлкен жетістік деп ойлаймын. Сонымен қатар, дәл қазір телеарналардың деңгейін аңғартатын бірден-бір көрсеткіш – адамдардың ресми сайтқа кіруі. Бұл тұрғыда да біз көптеген аймақтық телеарналардың алдына шықтық. Тағы бір айта кетерлігі – бүгінде біздің Ютуб-желісіндегі арнамызда 132 мыңнан астам жазылушы бар. Бұл да бірде-бір аймақтық

телеарнада жоқ көрсеткіш. Тиісінше, өткен жылы жазылушы саны 100 мыңға жеткен кезде Ютуб-тың «күміс батырмасын» алдық. Ресми жетістіктеріміз осы. Ал жалпы жетістіктеріміздің ең бастысы – бұрындары біздің телеарнаны тұрғындар білмейтін болса, қазір барлық жерде танып жатады. Мысалы, қазір телеарнамыздың түсірілім тобы өңірдегі ауылдарды аралап, «Түркістан VIBE» деп аталатын бағдарлама түсіріп жүр. Сонда ауыл адамдары телеарнамыздың эмблемасын көріп, бірден

«Түркістан телеарнасы келді» деп айтып жатады екен. Тіпті бағдарлама жүргізушілерінің лақап есімдерін де жаттап алған көрінеді. Бізді басқа телеарналардан ерекшелендіріп тұратын, мақтанышпен айтатын тағы бір жетістігіміз – эфирге шығатын жаңалық немесе бағдарламалардың 90 пайызға жуығы өзімізге тиесілі авторлық өнімдер. Айталық, 18 сағат хабар тарататын болсақ, соның 17 сағатында өз өнімдеріміз көрсетіледі. Бұл – бағалай білген адам үшін өте ауқымды жұмыс. Өйткені еліміздегі басқа республикалық телеарналар рейтингті түрлі телесериалдар арқылы жинайтынын көпшілік білетін шығар. Әрине, дайын телесериалдарды қомақты қаржыға сатып алып, рейтинг жинап отыра беруге де болады. Бірақ біз біріншіден – оның орнына мемлекетіміз бен өңіріміздің идеологиялық саясатын жүргізіп, отандастарымызды насихаттай отырып жұмыс істеп жатырмыз. Екіншіден, дайын өнімдерді қыруар қаржыға сатып ала салатын жағдайға жеткен жоқпыз деп ойлаймын. Мысалы, біз 2021 жылды 151 миллион теңгеге жуық шығынмен жапсақ, былтыр қарызымыздың бәрінен құтылып, табыспен түйіндедік. Тиісінше, еңбегі ерен қызметкерлерге сыйақы тағайындап, көлік, камера сынды ең қажетті заттарды сатып алдық. Қазір енді ешкімге жалтақтамай, өз қажеттіліктерімізді өзіміз қамтамасыз етіп отырмыз.

– Қазіргі уақытта телеарна ұжымы нақты қандай бағыттар бойынша жұмыс істеп жатыр?

– Біздің негізгі ұстанымымыз – халыққа жақын болу. Халық телеарнаны қандай жағдайда көреді? Әрине, өздері туралы көбірек көрсеткенде. Біз өңірдегі

іс-шаралар мен халықаралық жаңалықтарды қосып қойсақ, көрерменге қызық болмайды ғой. Сондықтан барынша халықтың арасына барып, кез келген еңбек адамын, үлгілі жанұяларды, ерекше кейіпкерлерді көбірек көрсетуді негізгі бағыт етіп алдық. Тиісінше, бұл ойымыз нәтиже беріп, ел

де бізге деген көзқарасы ерекше болып отыр. «Басқалар ақша сұрайтын еді, сіздер тегін түсіреді екенсіздер» деп өздері де тәнті болып жатады. Бағалай білгенге бұл да бір жетістік деп ойлаймын. Ендігі бір мақсат – жуырда Астана, Алматы қалаларынан, содан кейін еліміздің Батыс, Шығыс,



арасындағы танымалдылығымыз бен абыройымыз күн санап артып келеді.

– Бүгінгі таңда телеарнада қандай жобалар жүзеге асырылып жатыр? Жалпы қанша авторлық жоба бар?

– Қазір телеарнаның қоғамдағы барлық саланы қамтитын 41 бағдарламасы бар. Оның ішінде көпшіліктің көңілінен шығып жүрген «Turkistan24», «Tereze», «Жылы жүздесу», «Тұран төрінде», «Ақтаңгер», «Халық сөзі», «Нәзік әлем», «Билік пен бұқара», «Еңбек адамы», «Мерейлі отбасы», «Керемет келін», «Тайқазан» сынды жобаларды атап өтуге болады. Сосын біздің бір ерекшелігіміз – өңірдегі кез келген үлкенді-кішілі өндіріс орындарын тегін насихаттап жатырмыз. Соның арқасында кәсіпкерлердің

Солтүстік аймақтарынан тілшілер қосынын ашып, республикалық деңгейге көтерілу. Бұл бағыттағы жұмыстар басталып та кетті. Оры орайда ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің де ерекше қолдауына ие болып отырғанымызды айта кеткен жөн. Министрлік міндетті түрде таралуы қажет телеарналар тізімін жасайды. Сол тізімге есек, ел көлемінде ақпарат таратқалы отырмыз.

– Елімізде салалық журналистиканы дамытуға да көңіл бөлініп жатыр. Бұл тұрғыда қандай жұмыстар атқарып жатырсыздар?

– Негізі, кез келген БАҚ ұжымы салалық журналистиканы дамытуға көңіл бөледі. Бұл - әлемдік практикада бар үрдіс. Дегенмен, біз аймақтық телеарна



ЖАНАХМЕТ АҒЫБАЕВ:

НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМЫМЫЗ – ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУ

болғандықтан, әзірге ондай мүмкіндігіміз жоқ. Журналистеріміз тіпті сала бойынша маманданбақ түгілі, кейде режиссерлік тетікте де отыратын жағдайлар кездеседі. Бірақ мамандану үрдісі жүріп жатыр. Мысалы, экономика саласын жақсы білетіндерді экономикалық тақырыпқа, ауыл шаруашылығын меңгергендерді агро-өнеркәсіп саласындағы жұмыстарды көрсету мақсатында жіберіп, қызметкерлерді тақырып бойынша бөлуге тырысамыз.

– Жергілікті әкімдіктің аймақтық телеарнаға деген көзқарасы қалай? Қандай

қолдауларға ие болып отырсыздар?

– Біз толықтай әкімдік тарапынан қолдау көріп отырған телеарнамыз. Тіпті телеарнаның өзі сол әкімдіктің табандылығының арқасында өмірге келді деп айтуға болады. Кез келген мәселеде қолдау көрсетеді. Сондықтан, шыны керек, біз билікті беталды сынап бермейміз. Дегенмен қоғамдағы кез келген проблеманы «айқайлатып» эфирге шығармасақта, жергілікті билікпен біріге отырып шешілуіне үлес қосып жатырмыз деп сеніммен айта аламын. Бастысы – қалай болса да

проблеманың шешілуі емес пе? Жалпы өңірді дамыту – әкімдік пен телеарнаның ортақ мүддесі.

– Бүгінгі БАҚ саласы мен қызметкерлердің бойынан қандай артықшылықтар мен кемшіліктерді байқайсыз?

– Біздің толқын журналистика саласына өткен ғасырда келген. Ал қазір бұл сала қатты өзгерген. Бұрын санаулы ғана БАҚ болса, қазір кез келген адам оқиға орнынан ақпарат тарата алатын жағдайға жетті. Әлеуметтік желілердің мүмкіншілігі өте мол. Дегенмен біз «солай болды екен» деп жайбарақат отырмай, бәсекеге

қабілетті бола алуымыз қажет деп санаймын. Мысалы, бірер ай бұрын Сауран ауданында су тасқыны орын алғанда біздің телеарнаның қызметкерлері төтенше жағдай орнына блогерлерден бұрын барып, жағдайды дер кезінде баяндап отырды. Сол сияқты, қазір адамдар көбіне жаңалықты телефоннан қарайтындықтан, біздің әлеуметтік желілердегі парақшаларымыз да өте белсенді жұмыс істеп жатыр. Тиісінше, қазір біздің жаңалықтарымызды желілер арқылы айына шамамен 4,8 миллион адам қарайды екен. Бұл да бір жетістік деп ойлаймын. Енді қызметкерлерге тоқталсақ. Жалпы, мен басында өңірде тәжірибесі толысқан журналистер көп болады деп ойлағанмын. Бірақ олай болмай шықты. Республикалық деңгейде жұмыс істеген қаншама адамды шақырғанмен, келмеді. Мүмкін біздің ұсынысымыз олардың ойымен сәйкес келмеген шығар. Сондықтан қазір біздің ұжым тәжірибе жағынан ақсап тұр. Басым бөлігі дипломын жақында ғана алған жастар. Дегенмен «адамға жүзуді үйрету үшін суға лақтырып жіберу керек» демекші, жастарға сенім артып, отқа да, суға да салып, пісіріп жатырмыз. Кемшіліктері көп болғанымен, көз алдымызда өсіп жатыр. Ешкімге шектеу қоймай, өз потециалдарын көрсетуге мүмкіндік береміз. Бір сөзбен айтқанда, біз қазір жас мамандарды шыңдап, бұдан да биік дәрежеге көтерілуіне ықпал ететін ұстахана болып отырмыз. Бұл тұрғыдан келгенде мен ешкімге ешқандай шектеу қоймаймын. Қайта олардың өсіп жатқанына қуанып, республикалық деңгейдегі әріптестерімнің жанына барып жұмыс істеймін десе, ақ батамды беруге дайынмын. Себебі, кез келген маман бір деңгейде тұрақтап қалмай, ары қарай өсуі қажет.

– Сіздің ойыңызша XXI ғасырдың журналистері қандай болуы қажет?

– Менің ойымша, кез келген ұжымда жүктеме бөлінісінде немесе үздіктерге сыйақы тағайындауда болсын, ең бірінші әділеттілік болуы қажет. Өйткені әділетсіздікті көрген адамның жұмысқа деген ынтасы да, ұжымға деген сенімі де жоғалады. Ал бұл екеуі болмаса, жұмыстың нәтижесі өте төмен болады. Екінші – тәртіп. Мысалы, өте талантты, бірақ тәртіпке бағынбай, еркін жүретін

қазір біздің қызметкерлер қандай да бір жерге барғанда алдымен эфир үшін емес, әлеуметтік желілеріміз үшін жедел ақпарат жөнелтеді. Содан кейін барып эфирге материал жинайды. Соның арқасында біз көптеген ақпарат көздерінен бұрын хабар тарата алатын деңгейге жеттік. Себебі, біздің негізгі миссиямыз – кез келген оқиға орнынан бірінші болып ақпарат беру. «Turkistan» телеарнасы тек эфир үшін емес, халық үшін қызмет етіп жатыр. Дегенмен, қазір біздің



Фото: xnews.kz

журналист ұжымды қысқа мерзімге ғана жетістікке жетелейді. Алайда тәртіп жоқ жердегі жұмыстың көрсеткіші тұрақсыз болады. Бұл бизнес немесе экономика салаларында да дәлелденген жағдай. Сосын жастардың таным көкжиегін кеңейту үшін өзге қалаларға, мүмкіндік болса, шет мемлекеттерге іссапарға жіберген дұрыс. Қазір біз бұл жоспарды да біртіндеп іске асырып келеміз.

– Әлемдік деңгейдегі тәжірибелерді қолданып жатырсыздар ма?

– Менің ойымша, «Turkistan» телеарнасы тәжірибелерді өте жиі қолданатын ұжым. Мәселен,

мүмкіншілігіміз сәл аздау. Күн сайынғы 18 сағаттық эфирді 24 журналистің жұмысымен толтыру қиындық тудырады. Сондықтан да кейбір креативті жобаларымызды іске асыруға келгенде кедергілер кездесіп жатады. Дегенмен алдағы уақытта республикалық телеарна дәрежесіне жетсек, ресурсымыз арта түседі деп үміттенемін.

– Ойдағы жобалар жүзеге аса берсін деп тілеймін! Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Бауыржан
МЕЙІРХАНҰЛЫ,
Түркістан облысы

**АТА САЛТЫНАН
ЕШҚАШАН АЖЫРАМАҒАН,
МҰСЫЛМАНДЫҚ ЖОЛДЫ
ДӘСТҮРМЕН ҮЙЛЕСТІРІП
ҰСТАНҒАН ХАЛҚЫМЫЗ
ЖЫЛ САЙЫН ҚҰРБАН АЙТ
МЕРЕКЕСІН ЛАЙЫҚТЫ АТАП
ӨТЕДІ. ЕҢБЕК КОДЕКСІНІҢ
96-БАБЫНА СӘЙКЕС,
ҚҰРБАН АЙТТЫҢ БІРІНШІ
КҮНІ ҒАНА ДЕМАЛЫС КҮНІ
РЕТІНДЕ БЕКІТІЛЕДІ. ОНЫҢ
ҚАРСАҢЫНДА, ӘДЕТТЕ,
ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ТИІСТІ
НҰСҚАУЛЫҚ ЖАРИЯЛАЙДЫ.**

Қашан, қай кезде, қалай не істеу керегін, ресми айтсақ, діни ғұрыптың ережесі мен айттаудың тәртібін түсіндіреді. Әсіресе, жыл аралығында бақилық болған жандардың шаңырағына арнайы барып, құран оқып, тілек тілеуі, күйбең тіршілікте ренжісіп қалған адамдардың бір-бірінен кешірім сұрап, татуласуы, сырқаттардың көңілін сұрауы, жетім-жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын созуы, жас ұрпақ пен қазақ қоғамына жаңа енгендерге айттың мәнін түсіндіруі т.б. сауабы мол адамгершілік, гуманистік іс-амалдар жан-жақты елдік қолдауды қажет етеді деп санаймыз.

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ МӘДЕНИЕТІН ЕСКЕРСЕК

Өкінішке қарай, соңғы жылдары айтты әсіре заманауиландыру да белең алып келеді.

Елімізде жаппай «телефонмен айттаушылардың» дәстүр ұстынын бүлдіре бастағаны аға, орта буынды қатты алаңдатып отыр. Осыған байланысты пәтуа қажеттігін де ашық айтуға тиіспіз.

Сондай-ақ діни рәсімде Құрбан айт күндері мұсылманның атқаратын ең сауапты ісі – құрбандық шалу. Осы арқылы пенде Алла Тағалаға жақындай түсіп, күнәларынан арылу харакетін жасайды. Барды бөлісіп, туысқандық қарым-қатынасты арттырады. Кембағылға көмектеседі. «Еркек тоқты – құрбандық» пәлсапасының мағынасы терең. Бұл бірыңғай малға байланысты ұғым емес.

Ал құрбандық шалу мәдениеті елімізде қалай қалыптасып жатыр?

Өзге мұсылман жұртынан үйренетін, қаперге алатын үлгілер бар ма?

Қазіргі таңда ислам әлемі, оның институттары діни салт-дәстүр мен жоралғыларды жүзеге асыру ісінде де біршама модернизацияға көшіп жатыр. Технология жетістіктерін пайдаланып, жаңа қадам жасай бастады. Соның бірін естеріңізге салайық. Мысалы, Құрбан айт қарсаңында Сауд Арабиясы Корольдігі мен Ислам Даму Банкі бірлесіп қолға алған тетіктің мәні ойландырады. Бағзыдан ең көп құрбан шалынатын жер – Сауд Арабиясы, соның ішінде – Мекке қаласы екені баршаға мәлім. Жүз мыңдаған, миллиондаған адам бір мезетте мал сойғанда, оның қалдығы айналаны ластап, жаман иіс, түрлі жағымсыз сәт орын алатыны белгілі. Сойылған малдың еті бір демде тау болып, ыстық климатта тез бұзылуы ел басшыларын көп әуре-сарсаңға түсіргені құпия емес.

Міне, осы жағдайды зерттей келе, Сауд Арабиясының Үкіметі 1983 жылдан бастап арнайы жоба түзіп, мал соятын орындарды жоғары дәрежелі санитарлық инфрақұрылыммен жабдықтай бастады. Ендігі кезекте мал бір жерде, діни талаппен, санитарлық нормалардың қатаң сақталуымен жүргізілетін болды. Уақыт өте келе жоба жан-жақты жетілдірілді. Бүгінде Ислам Даму Банкі – оның тұрақты операторы. Банктің



Фото: naryntany.kz




Фото: sputnik.kz

қаражаты мен халықаралық мәртебесі жобаны әлемдік деңгейде басқаруға жол ашты. Қазіргі таңда Сауд Арабиясында (Мекке және басқа шаһарларда) және көршілес араб елдерінде құрбан шалғысы келген әрбір мұсылман арнайы ваучер (әр санаттағы құрбандық малы үшін айқындалған ваучер) сатып ала алады. Ваучерлер Құрбан айт қарсаңында сатыла бастайды. Сойылған мал ірі көлемде салынған тоңазытқыштарда сақталып, 84 сағат ішінде мұқтаж, ғәріп жандарға, мемлекеттерге, аймақтарға жөнелтіледі. «Жобаның жаңалығы неде?» деген сұрақтың жауабы да анық. Қазір жаппай құрбан шалу арнайы санитарлық жағынан таза жерде жүзеге асып, бұзылмаған күйі тоңазытқышқа салынып, бұдан кейін рефрижераторлармен, кемелермен, өзге де көлікпен мұқтаж елдерге жеткізіледі. ұрбандық малы асыптасып жатқан жерден халал

жолмен сойылған ет әлеуметі мұқтаж жерге апарылады. Ол қорды да дем арасында тауыспай, ұзақ уақыт ұқсатуға (мұқтаждарға жоспарлы түрде беруге) мүмкіндік туғызады.

Статистикалық деректерге сүйенсек, жоба басталғаннан бергі 40 жылда 33 миллионнан астам мал басы өңделіп, 100 миллионнан астам мұсылманға жеткізілген екен. Мұқтаж тараптың тізімі (БҰҰ классификациясына сәйкес кедей мемлекеттер тізімі) өтінішіне сәйкес көмекке зәру елдерден түзіледі.

Аталған тәжірибенің Қазақстан үшін, соның ішінде құрбандық көп шалынатын миллионнан аса тұрғыны бар мегополистеріміз,

рухани астанамыз – Түркістан үшін практикалық маңызды тұстары көп. Осы мақсатта мынаны орындасақ:

- 1) Құрбан шалуға арналған стандартты, заманауи орталықтар құру қажет.
- 2) Мал етін ұзақ сақтау мүмкіндігін қарастыру керек.
- 3) Еліміздегі мұқтаж өңірлерге, аудандарға, тіпті мүмкіндік болса шет елдерге де көмек жөнелткен абзал.

Бүгінгі шындық өздеріңізге мәлім. Қалаларымызда жыл сайын қасиетті Құрбан айт күндері құрбандық шалынатын орындарды белгілеп, әуреге түседі. Мысалға, Астанадағы базарлар маңында таңғы 8.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс істейтін алты орынның әлеуетін қадағалау оңайға соқпайды.

Біздіңше, алдағы кезде өркениетті елдердегідей жоба қолға алынса, туған жерімізде діни салт-дәстүрімізді ғана емес, қоршаған ортаны аялап,

экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтауға да мол мүмкіндік туатын еді. Айттарыңыз қабыл болсын!



ДАРХАН МЫҢБАЙ

СӨЗТҮЗЕР



ЖЕҢІЛ-ЖЕЛІ

МЫСАЛ:

Айтпақшы, біз тиктокты жай ғана ойын-күлкі түсіретін **жеңіл-желі** деп ойлап жүрсек, мұның құрығы ұзын екен. Дефис дұрыс қойылмаған. Бұл – анықтауыш-анықталушы қатынасындағы тіркес, сондықтан дефис қойылмайды.



ДҰРЫСЫ:

Айтпақшы, біз тиктокты жай ғана ойын-күлкі түсіретін **жеңіл желі** деп ойлап жүрсек, мұның құрығы ұзын екен.

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар
сөздігінен

Қазақстанда
30 ЖЫЛ

Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап “Шеврон” прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда “Шеврон” Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company®



Бас редактор —
директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)